

FTAMP 03.41.91

https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.19

С.Ш. Ақылбек^{1*} , М. Гурсой² ¹Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – музейі, Қазақстан, Шауәлдер а.²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Археология ғылыми зерттеу институты, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: s.akylbek@hotmail.com

ТОСТАҒАН ҚОРЫМЫНДАҒЫ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Шартты түрде «Тостаған қорымы» деп аталған жерлеу орны Отырар ауданына қарасты Шытты елді мекенінен оңтүстікке қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Бұл қорымды алғаш рет 2010-шы жылдары С.Ш.Ақылбек және К.М.Байпақов барлау жұмыстарын жүргізу барысында анықтаған. Қорым 122 топырақтан үйілген оба орналасқан. Бұл обалар оңтүстік шығыс, солтүстік батыс бағыты бойынша жүйесіз жатыр. Обалардың көпшілігі шеңбер пішінді. Үйіндісі жан жаққа жайылғандарының пішіні сопақша болып келген. Жалпы қорымдағы обалардың диаметрі 10-25 м ал, биіктігі 0,30-0,70 м шамасында. Өкінішке қарай, осы кезге дейін аталмыш жерде ешқандай археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілмегендіктен обалардың мерзімі, өлгендердің қалай жерленгендігі, о дүниелік тарту таралғылары, обалардың құрылымдық ерекшелігі мен жерлеулердің кімдерге тиесілі екендігі белгісіз болып келді. Осындай құндылықтарға толы «сыр сандықты» ашу мақсатында 2020 жылы аталмыш қорымдағы бір обада қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде обадан өртеп жерлеу ғұрпы анықталды. Мұндай ғұрып Отырар өңірінде алғаш рет тіркеліп отыр. Бұл деректер Сырдария жағасындағы басқа да археологиялық зерттеу жұмыстарымен салыстырылып алдын ала түркілерге тиесілі деп қорытындыланды.

Түйін сөздер: Түркілер, қорым, оба, жерлеу дәстүрі, Отырар, Шәуілдір, Сырдария, Арыс өзені, өртеп жерлеу.

S.Sh. Akylbek¹, M.Gursoy²¹Otrar State Archaeological Reserve-Museum, Kazakhstan, Schauelder²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,

Research Institute of Archaeology, Kazakhstan, Turkistan

*e-mail: s.akylbek@hotmail.com

Results of the Excavation of the Tostagan Necropolis

The burial place, conventionally named “the Tostagan necropolis”, is located 9 km south of the settlement of Shytty, Otyrar district. The burial ground was discovered by S. Sh. Akylbek and K. M. Baipakov during exploration work. In the 2010, the Necropolis consists of 122 mounds. Most of the mounds are circular. Mounds with a spreading embankment are oval in shape. The diameter of the burial mounds in the general burial ground is 10-25 m, the height is about 0.30-0.70 m. Unfortunately, until now no archaeological research at the necropolis has been carried out dating the burial mounds, the methods of burial, the features of the structure of the mounds and the belonging of the burials were unknown. In 2020, one burial mound was excavated in this burial ground. As a result, it was discovered that the form of burial is cremation. This is the first time such a custom has been registered in the Otrar region. These data were compared with other archaeological studies carried out on the banks of the Syr Darya and were preliminary generalized as belonging to the Turks.

Key words: Shoulder, Otrar, Arys river, burial traditions, grave, burial ground, cremation

С.Ш. Ақылбек^{1*}, М. Гурсой²¹Отрарский государственный археологический заповедник-музей, Казахстан, с. Шауельдер²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи,

Научно-исследовательский институт археологии, Казахстан, г. Туркестан

*e-mail: s.akylbek@hotmail.com

Результаты Раскопок Некрополя Тостаган

Место захоронения, условно названное «некрополь Тостаган», расположено в 9 км к югу от населенного пункта Шытты Отырарского района. Могильник был обнаружен Ақылбеком С. Ш. и Байпаковым К. М. при проведении разведочных работ. в 2010-х г. Некрополе состоит из

122 курганов. Все курганы насыпаны из почвы. Эти курганы лежат в направлении юго-востока, северо-запада. Курганы не выстроены по одной линии. Большинство курганов имеют форму круга. Курганы с расползшейся насыпью имеют овальную форму. Диаметр курганов в общем могильнике составляет 10–25 м, высота-около 0,30–0,70 м. К сожалению, до настоящего времени никаких археологических исследований на некрополе не проводилось датировка курганов, способы захоронения, особенности строения курганов и принадлежность захоронений были неизвестны. В 2020 году были проведены раскопки одного кургана в этом могильнике. В результате обнаружено что форма захоронения – трупосожжение. Такой обычай регистрируется в Отрарском регионе впервые. Эти данные были сопоставлены с другими археологическими исследованиями, проведенными на берегах Сырдарьи и были предварительно обобщены как принадлежащие тюркам.

Ключевые слова: Шаульдер, Отрар, река Арысь, традиции погребения, могила, могильник, кремация.

Кіріспе

Ен алдымен Отырар өңірінде қандай тайпалардың өмір сүргендігін атап өткенді жөн көріп отырмыз. Өйткені бұл шолу өңірдегі тарихи мұралардың қай мәдениетке тиесілі екендігін түсіну және оны байланыстыру тұрғысынан қажет.

Жалпы Сырдарияның отаңғы ағысында орналасқан Отырар өңірі VIII ғасырдың басында Тарбанд деген атаумен белгілі болған. Бұл ауданның солтүстік – батысы Түркістан қаласына, оңтүстік – шығысы Арыс қаласы, Қазығұрт тауына дейін созылса, батысы Сырдария мен Амудария арасындағы Қызылқұмға дейін жетеді (Байпаков, 2005: 7).

Бұл өңірді адамзат баласы тас дәуірен бастап қоныстанған. Мұны Отырар ауданындағы кейінгі мұстье дәуіріне жататын Ақсу – Арыс ескерткіші мен неолит дәуіріне жататын Маятас, Жаңашілік 1, 2, 3 тұрақтары дәлелдей түседі. Өңірде тек палеолит дәуірінде ғана емес ерте темір дәуірінде де адамдар өмір сүріп, көшпелі және отырықшы мәдениет қалыптастырған. Тарихи деректерге қарағанда б.з.б. II – б.з. V ғасырларында бұл өңір қаңлы тайпаларының мекеніне айналғандығы белгілі (otrarmuseum.kz). Мысалға, Авестада Кангхе деген көне қала атауы кездеседі. Ғалымдар бұл атауды қаңлы тайпаларына балайды. Кезінде қаңлы мемлекетінің аумағы ұлан-байтақ жерді қамтыған. Ашып айтар болсақ Ташкент жазирасы мен Сырдария, Жаңадария, Қуандария алабының ежелгі арналарын және Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігін қоса Оңтүстік Қазақстанды алып жатты. Қылышынан қан тамып тұрған кезінде оған Сусе, Фумо, Юйни, Цзи, Юйцзянь сияқты бес «шағын иелік», сондай-ақ Янцай бағынған. Алайда олардың орналасуы даулы болып қалып отыр. Айтылған аймақта археологтар сол уақыттағы

негізгі үш мәдениетті — қаңлы мәдениетіне байланысты қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар мәдениетін атап көрсетеді (Қозыбаев, 1996: 272). Бұл мәдениеттерге қала салу және обалы қорым тұрғызу тән. Қорымдарда қазба жұмысын жүргізген археологтар өлген кісілердің катакомб қабірге немесе сағанаға жерлегендігін анықтаған (Подушкин, 2000; Ержигитова, 2011; Байпаков, Смагулов, Ержигитова, 2005: 11-63).

VI ғасырда Қазақстан жерлері Түрік Қағанатының билігіне өтті. Бастапқыда Монғолия территориясын мекендеген түріктер уақыт өте келе Орта Азия жеріне еніп ақ ғұндар өлкесіне жақындады. Алдымен бейбіт қарым-қатынасқа, құда-жекжаттыққа негізделген түрік – ақ ғұндар одағы 563 жылдан бастап жаугершілік жолына түсті. Біртіндеп Каспий теңізінен Солтүстік Үндістанға, Шығыс Түркістанға дейінгі алып аймақты қамтыған ақ ғұндар қонысы түріктерге бағыныштылыққа көшті (Артықбаев, Пірманов, 2005: 199). Осыдан кейін Қазақстанда түрік кезеңі басталды. Тарихи әдебиеттерде түрік кезеңі VI – XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде тұтас Орта Азия аймағына түркі тілдес халықтар үстемдік етті. Дегенмен әр рудың алма кезек күшейуіне байланысты көне түркі мемлекеттерінің аттары өзгеріске ұшырап отырды. Таратып айтар болсақ, ол бірде Көк Түрік атанса, кейінгі кезеңдерде Түркеш, Қарлұқ, Қимақ, Оғыз, Қарахан, Қыпшақ т.б. деп аталды (Артықбаев, Пірманов, 2005: 205). Осы рулар мен тайпалардың барлығы Отырар өңірінің мәдени даму үдерісіне өзіндік үлесін қосқан болу керек. Әсіресе қарастырып отырған территорияға Оғыздар IX ғасырдан бастап айтарлықтай әсер еткен. Мысалға Шәуілдір атауы оғыздардың джуалдар (чувалдар) руынан келіп шыққан. Ал, Шәуілдір ауылына қарасты Талапты елді мекені маңындағы Байылдыр атты жерде оғыздардың баяндұр руымен байланысты

болса керек. Сонымен қатар Түркеш, Қарлұқ, Қарахан т.б. тайпалық бірлестіктерде Отырар өңірінің мәдени дамуына айтарлықтай ықпал еткен болуы әбден мүмкін. Осы орайда мына бір жайтты айта кету керек. Қарастырылып отырған өңірде жерлеу орындарына байланысты зерттеулер кенжелеп қалған. Соныдықтан да бұл аудандағы көптеген қорымдардың кімдерге тиесілі екендігі белгісіз болып отыр. Дегенмен ХХ ғасырдың соңына таман аталмыш өңірдегі бірнеше қорымда Б.Нұрмахамбетов, К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович сынды ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп құнды деректер жинақтады. Сонымен қатар, тәуелсіздік алғаннан кейін де К.М.Байпақов, С.Ш.Ақылбек, А.К.Авизова т.б. ғалымдар әр жылдары жерлеу орындарын зерттеп өңірдің бұрынғы тұрғындарының дүниетанымы мен рухани құндылықтарының кішігірім дерек қорын қалыптастырды. Бұл мағлұматтар Отырар өңіріндегі қорымдардың екі кезеңде (кеңес үкіметі мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең) зерттелгендігін көрсетеді. Зерттелу тарихына төменде кеңінен тоқталынатын болады.

Мақсаты. Бұл мақаланың негізгі мақсаты 2020 жылы Тостаған қорымында¹ жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу, салыстырмалы түрде обаның мерзімдесін жасау, кімдерге тиесілі екендігі жөнінде болжам жүргізумен қатар Отырар өңірінде зерттелген және әр түрлі кезеңге жататын жерлеу орындарында атқарылған жұмыстарға жүйелі түрде тоқталу арқылы ерте орта ғасырмен кейінгі орта ғасырдағы жерлеу дәстүрі ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Маңыздылығы. 2020 жылы Тостаған қорымынан алынған тың деректердің бұрын соңды Отырар өңірінде белгісіз болуы және бұл деректің алғаш рет осы мақалада жариялануы жұмыстың маңызды тұсын құрайды.

Материалдар және әдістер

Мақаланың өзегін қалыптастырып отырған деректі біздер 2020 жылы Тостаған қорымын қазу арқылы алдық. Алынған деректерді ғылыми айналымға енгізу мақсатында жоспарлы түрде жұмыс жүргізуді көздедік. Осыған сәйкес

¹ Осы кезге дейін бұл ескерткішке ешқандай атау берілмеген. Бұл нысанға ең жақын ірі ескерткіш Тостаған төбе болғандықтан қорымды шартты түрде Тостаған қорымы деп атау ұйғарылды.

Отырар өңіріндегі обалардың кімдерге тиесілі екендігін болжау үшін өңірдің ежелгі тұрғындарын қысқаша атап өтіп, жерлеу орындарына байланысты зерттелу тарихын қарастырдық. Осылайша ерте ортағасырдан бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі аралықта өмір сүрген халықтардың жерлеу дәстүрі ерекшеліктерін айқындадық. Осыдан кейін бұрын Отырар өңіріне белгісіз болып келген, қазірге тек Тостаған қорымынан анықталып отырған жерлеу дәстүрін тұтастай сипаттап, салыстырмалы тұрғыдан қарастырдық. Мақаланың теориялық бөлімі деп есептелетін зерттелу тарихын жазу үшін алдымен жазбаша дерек қорлар жинақтадық. Бұл үшін Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі кітапханасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Кітапханасының электронды базасымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің кітапханасын пайдаландық.

Нәтижелер мен талқылаулар

Кеңес үкіметі тұсында жүргізілген археологиялық зерттеулер

Қазақстанда кеңес билігі орнағаннан кейін орталық тарапынан белгілеген жоспар бойынша ежелгі тас дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі кезеңге тиесілі археологиялық мұраларымыздың белгілі бір бөлігі қазылып зерттелген еді. Осы кезде кеңестік кезеңнің белді археологтары Отырар өңіріне де ат басын тіреп бұрынғы қалажұрттарды, елдімекендерді және қорымдарды зерттеп зерделеген болатын. Жерлеу орындарына байланысты алғашқы зерттеулер Б.Н.Нұрмаханбетовтың есімімен байланысты. Ол, 1970 жылдардың соңына таман Көкмардан қалажұртының қорымында қазба жұмыстарын жүргізіп маңызды деректер жинақтады (Байпақов, Смагулов, Ержигитова, 2005: 11).

Көкмардан қорымындағы бір обадан құрылысы күрделі болып келген жерлеу орны аршылды. Ол, төртбұрыш пішінде пахсадан жасалған. Көлемі 4x4,5x5 м, ал сақталған биіктігі 3 м. Осы пахсаның ішіне көрлер ойылып, оған қайтыс болған адамдарды жерлеген (1-сурет). Жанына әр түрлі заттар (шүмегі бар құмыралар, сапты аяқ, ұшаяқты тостағандар, өте кішкентай ыдыстар, үш қырлы жебелер, сүйектен жасалған садақ, темір қылыштар мен бір жүзді темір қанжарлар т.б.) салынған. Бұл жерге адамдардың ұжымдық түрде жерленгендігі белгілі болды. Сондықтан да археологтар бұл

рулық зират болуы мүмкін деген тоқтамға келген. Сонымен қатар, қаңқалардың әр түрлі бағытта жатқызылуына қарай бұл жердегі жерлеу дәстүрінде қатаң салт-жора болмады деген болжам жасаған (Байпаков, 2007: 65). Дегенмен ежелгі дәуірлерден бері адам баласы үшін жерлеу дәстүріндегі салт жоралғылардың орындалуы міндетті өзгермес немесе өте аз өзгеріске ұшырайтын практикалық ережелер жиынтығы болғандығын әсте естен шығармаған жөн. Бұл жердегі қызық жағдай сипатталып

отырған қабірдің пахсадан платформа түрінде дайындалып, оның әр жерінен қабірлер ойылып жерлеулер жүзеге асырылғандығында болып отыр. Бұл қабір түрін «пахсаға ойылған қабір» деуге келеді.

Аталмыш қорымда 1988 жылы К.М.Байпаков және Е.А.Смағұлов қайта зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бұл зерттеулер 1990 жылы жалғасын тауып, жалпы осы жылдар аралығында 98 жерлеу орны аршылған (Байпаков, Смағұлов, 1990:20).



1-сурет – Көкмардан қорымындағы пахсаға ойылған қабір (Нурмухамбетов, 2011: 53).

1974 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының кешенді археологиялық экспедициясы Құйрықтөбе қалажұртының қорымында қазба жұмыстарын жүргізді (жетекші Б.Н.Нұрмаханбетов). Зерттеу жұмыстары барысында қорымның екі топтан тұратындығы белгілі болды. 1-ші топтағы қорымда қам кесектен қаланған «жалғыз адамдық сағана» қабірлер анықталды. Сағаналардың беті қам кесектермен бір бірінің үстіне «шалқайтып міндіру» арқылы жабылған (3-сурет; 1-сызба). Археологтар бұл жердегі жерлеулерді X – XII ғасырларына жатқызған (Нурмухамбетов, 1974: 85; Саипов, Ақылбек, Авизова, Майсупова, 2019: 77-78).

2-ші топтағы қорым Құйрықтөбе қалажұртының шахристаны мен рабад бөлігінде орналасқан. Археологтар беткі қабаттағы жерлеулерді мұсылмандық кезге жатқызып XIII – XV ғасырларға мерзімдеген. Сонымен қатар,

бұрынғы қиранды үйлердің орнынында да жерлеулер анықталған. Бұлар XI – XII ғасырларға жатқызылған (Саипов, Ақылбек, Авизова, Майсупова, 2019: 77-78).

Отырар өңіріндегі зерттеулер 1976 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының археологиялық зерттеу жасағы тарапынан жүргізілді. Нақтырақ айтар болсақ Б. Нұрмаханбетов басшылығымен Темір станциясының маңындағы Қырқескен қорымында қазба жұмыстары жүргізіліп 27 жерлеу аршылды. Нәтижесінде өлгендердің қабірге үш түрлі жатқызылғандығы анықталды (1 – ші созылыңқы күйде шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік немесе солтүстік шығысқа қаратылған; 2 – ші созылыңқы күйде шалқасынан жатқызылып, жүзі көкке қаратылған. Басы батыс немесе оңтүстік батысқа бағытталған; 3 – ші созылыңқы күйде шалқасынан жатқызылып,

жүзі көкке қаратылған. Басы оңтүстік немесе оңтүстік шығысқа бағытталған). Бірінші түрге кіретін жерлеулерде темір пышақ, саз ыдыстар, биконикалық пішінде жасалған ауыртпалық және моншақтар табылған. Осы заттар бойынша бірінші түрдегі жерлеулер б.з. IV ғасырмен мерзімделген. Б. Нұрмаханбетов

бірінші түрдегі жерлеулерге қарағанда екінші және үшінші түрдегі жерлеулердің ертерек кезеңге жататындығын тілге тиек еткен. Бұл жерлеулерден темір жебе ұштары көптеп табылғандығын, нәтижесінде бұларды I – III ғасырларға жатқызуға болатындығын атап өткен (Нурмуханбетов, 1977: 519-520).



2-сурет – Күйік марданнан табылған шүмекті құмыра (Нурмухамбетов, 1978: 101).

1978-1979 жылдары аралығында К.А. Ақышев, К.М. Байпақов., Л.Б. Ерзаковичтер Отырар қалажұртының шахристанында орналасқан монша орнын қазу барысында мұсылмандық кезеңге жататын жерлеу орындарын ашқан болатын. Жерлеулер 1,5 м тереңдікке дейінгі деңгейде анықталған. Қаңқалар кесектен жасалған «жалғыз адамдық сағаналар» ішіне бастары солтүстік шығысқа қаратылып созылыңқы күйде жатқызылған. Жанына о дүниелік тарту таралғы салынбаған. Археологтар бұл қорымды XVI ғасырмен мерзімдеген (Акишев, Байпақов, Ерзакович, 1987: 112). Осы жылдар аралығында тағы екі нысында жерлеу орындары анықталды. Атап айтар болсақ Отырар қалажұртының 1 шақырым батыс жағынан төртбұрыш пішінді кесене қазылып зерттелді. Күйген қыштан қаланған кесенеден және сыртқы жағынан жалпы 20 жерлеу орны аршылды. Бұл жерлеу орны XIII-XIV ғасырларға мерзімделген. Сонымен қатар «құмырашылар орамы» деп аталып кеткен орында да бірнеше жерлеу орны аршылып зерттелді. Алынған деректер негізінде бұл жердің XIV ғасырдың екінші жартысымен XV ғасырдың

басында қорымға айналғандығы белгілі болған (Саипов, Ақылбек, Авизова, Майсупова, 2019: 79).

Тәуелсіздік кезеңінде жүргізілген археологиялық зерттеулер

Әлемдегі ең құнды да киелі ұғым қайсы десе Тәуелсіздік дер едік. Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың және хылықтың еркіндігі. Тәуелсіз елдің тарихи санасы ояу, болашағы жарқын. Өткенін білмегеннің болашағы бұлыңғыр демекші болашақ үшін өткен күнді зерттеп зерделеудің маңызы зор. Қысқасы ұлтымыздың өткен дәуірлердегі мемлекеттілігі, наным сенімі, материалдық мәдениеті т.б. құндылықтарына жасалған түрлі шабуылдарға ғылыми тұрғыдан археологиялық зерттеулер арқылы да тосқауыл жасауға болады.


Жалпы 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздімізді жариялағаннан кейін, Қазақстан тарихы мен археологиялық құндылықтары идеологиялық қыспақтан арыла түсіп жаңа көзқарастармен зерттеліне бастады. 1991 жылы құрылған А. Х. Марғұлан атындағы археология институты (www.archaeolog.kz) мен 1999 жылы жарияланған «Қазақстан тарихы. Көне заманнан

бүгінге дейін» атты кітап (Қозыбаев, 1996: 554) жаңғырған ұлттық сананың алғашқы жемісі еді. Аталмыш институттың негізгі мақсаты Қазақстан аймағында бұрынғы уақыттарда өмір сүрген адамдардың антропогенезін, археологиялық деректер бойынша қазақ халқының пайда

болуын, өндірістік экономиканың қалыптасуы мен даму жолдарын, ерте және орта ғасырларда өмір сүрген көшпенділер мен отырықшы халықтардың өз ара байланысын зерттеумен қатар, архитектуралық құрылыстар мен мәдени мұраларды сақтау болатын.



3-сурет – Құйрықтөбедегі қабірлердің Көрінісі (Нурмуханбетов, 1974: 91)



1-сызба – Құйрықтөбедегі қабірлердің сызбасы (Нурмуханбетов, 1974: 88).

Осындай мақсаттарға сәйкес Отырар өңіріндегі археологиялық зерттеулер қайта жандана түсті. 2000 – 2003 жылдар аралығында К.М.Байпақов Күйікмардан қорымында қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде пахсадан жасалған қабірлермен қатар кесектен қаланған «жалғыз адамдық сағана» қабірлер анықталды. Археологтар жерлеу дәстүрі мен табылған олажаларды сараптай келе қорымды б.з.б. I ғасыр – б.з. V ғасырлары арасына мерзімдеген (Саипов, Ақылбек, Авизова, Майсупова, 2019: 78).

2015-2017 жылдар аралығында Қоғам ауылының 2 шақырым оңтүстігінде орналасқан Бесіншітөбе мекенжұртында қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл мекенжұрттың топографиясы айтарлықтай тілімденбеген. Қадімгі жайпақ алаң бетінде бой көтерген. 2017 жылғы зерттеулерде төбенің аласа, бірақ, көлемді, профилінде екі ярусты, аумағының 0,7 га екендігі айтылған.

Сонымен бірге солтүстік-шығыс жақтағы жоғарғы бөлігінің жайдақ екендігі бұл алаңның биіктігі 5 м-ден асатындығы, оңтүстік-батыстағы төменгі бөлігінің биіктігі 3,5 м-дей, жоспарда сопақша алаң түрінде келгендігі баяндалған (Байпақов, Авизова, Ақылбек, 2017: 17). Жалпы Бесіншітөбе қазіргі таңда «мекенжұрт» ретінде тізімге енгізіліп мемлекет қорғауына алынған. Дегенмен кейінгі кезде жүргізілген зерттеулер бұл нысанның жерлеу орны болу ықтималдылығын жоғарлатты.

Үш далалық маусым ішінде Бесіншітөбенің бұрындары ірі монументалды құрылыс екендігі анықталды. Қазба жұмыстары барысында 29 қабір аршылды. Кейінгі кезге жататын мәйіттердің барлығы жерден қазылған қабірлерге жерленгендігі ал, ерте кезге жататындары монументалды құрылыстың қирандыларына жерленгендігі белгілі болды. Сонымен қатар бұл

жерде ерекше бір жерлеу түрі анықталды. №29 деп белгіленген молада бір сәбинің аузы ашық құмыраға салынғандығы айқындалды (4-сурет). Құмыра ішінен қола теңге табылған. Археологтар Бесіншітөбедегі ең ертедегі жерлеулерін IV-VIII ғасырлар арасымен мерзімдесе, одан кейінгілерін X – XI ғғ., ал, соңғыларын XIII – XV ғасырлар арасына жатқызған. Сонымен қатар, табылымдар негізінде жерлеулердің қаңлы, түркі және қарахандықтарға тиесілі екендігін тілге тиек еткен (Байпаков, Авизова, Ақылбек, 2017: 22-36).

Аталмыш нысанда 2019 жылы қараша айында қазба жұмыстары жүргізіліп 13 жерлеу аршылды. Қазба жұмыстары қазіргі жер бетінен 0,50-1 м тереңдіктегі деңгейде, кейінгі тұрғындардың үй-жайлар салғандығын көрсетіп қана қоймай осы төбе тұрғынсыз қаңырап қалғаннан кейін бөлме ішіне адам жерленгендігін дәлелдеді. Сонымен бірге жерлеулердің шұқыр, «жалғыз адамдық сағана» және жанама қабірлерде жүзеге асырылғандығы байқалды. Ал, қазба жүргізілген тереңдікке дейінгі қаңқалардың (шамамен 1 м) басым көпшілігінің мұсылманша жерленгендігі айқындалды. Дегенмен №13 қаңқа 1 м тереңдікке дейінде ерте кезге жататын жерлеулердің бар екендігін көрсетті. Соңғы аталған қаңқаның оң иығы тұсынан табылған қола айна Бесіншітөбедегі

жерлеу дәстүрі мен ежелгі тұрғындардың наным-сенімдері және о дүниеге байланысты көз қарастары жайында айтарлықтай мәліметке қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызды. Атап айтар болсақ айнаның арнайы сындырылып қабірге салынғандығы байқалды. Мұндай практика сарматтардың Мечетсай қорымында (Смирнов, 1975: 76) және кейінгі кездегі қыпшақ обаларында (Иванов, Кригер, 1988: 19) тіркелген. Демек бұл дәстүрдің ұзақ уақыт жалғасын тапқандығын айтуға болады. Ғалымдар айнаның арнайы сындырылып қабірге салынуын анимзммен немесе діни – сиқырлы күшпен байланыстырған. Мысалға, айнаның тек әйел жерлеуіннен ғана емес сонымен бірге ер және жас балдардың қабірінен табылуы (Хазанов, 1964: 89) шын мәнінде ежелгі халықтардың арғы өмірге байланысты сенімдерінде айнаның маңызды орынды иеленгендігін дәлелдейді. Сонымен, қазба барысында табылған қола айна Бесіншітөбе маңындағы тұрғындардың дүниетанымында заттық құбылыстарда жан бар (анизм) деген сенім болғандығын нақтылап берді. Сонымен қатар, қазба барысында табылған құмыра бұл жерде қаңлы кезеңі бар деген бұрынғы дәлелдемелерді қуаттай түсті. 2020 жылы да Бесіншітөбеде қазба жұмыстары жүргізіліп алдын белгілі болғандай жерлеулер аршылып зерттелді.



4-сурет – Бесіншітөбеден табылған құмыраның ішіндегі сәбидің қаңқа бөліктері (Байпаков, Авизова, Ақылбек, 2017: 144).

2020 жылы Отырар қалажұртындағы Бердібек сарайының оңтүстік батысында қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Нәтижесінде қазба салынған алаңқайдың оңтүстік-батысынан үлкен бір әулетке тиесілі кесене анықталды (5-сурет).

Күйген қыштан салынған кесененің көлемі 6,3x7,7 м. Кесененің қасбеті оңтүстік батыстағы жұма мешітінің ауласына қараған. Қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың сөзіне қарағанда бұл жерде басы жоқ төрт адамның қаңқасы анықталған. Кесененің мерзімін анықтау мақсатында салыстырмалы анализ жүргізген археологтар, кесене XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың I жартысында салынған болу керек деген болжам жасаған (Пәрменкүл, Сералиев, Сиздиқов, Алмазұлы, 2020: 292).

Қорыта айтқанда, Кеңес өкіметі кезеңі мен тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген археологиялық зерттеулер Отырар өңірінде ерте орта ғасыр мен кейінгі орта ғасырда өмір сүрген халықтардың жерлеу дәстүрі (қабір

түрлері, рәсімдік жоралғылар) мен материалдық мәдениетінің белгілі бір қырын ашты. Ашып айтар болсақ осы кезде өлгендердің «пахсаға ойылған қабірге», жанама (подбой) қабірге және «жалғыз адамдық сағана» қабірлерге ингумация жағдайында жерлендігі анықталды. Сонымен қатар, қайтыс болғандардың үлкен құмырамен қатар қыштан жасалған кесенелерге жерленгендігі белгілі болды. Кесектен салынған «жалғыз адамдық сағана» қабірлердің Орта Азия аймағында кейінгі мұсылмандық кезеңде де жалғасын тапқандығы айқындалды. Бұл деректер қазақ халқының жергілікті екендігін тағы бір рет нақтылай түсті. Қабір табылымдары Отырар өңіріндегі қол өнердің қандай жағдайда екендігін көрсетіп берді. Мысалға, қыш ыдыс жасау ісі мен зергерлік өнердің басқа жердегілерден қалыс қалмай дамығандығына куәлік етті. Сонымен қатар қабірлерге о дүниелік тарту таралғылардың бір келкі салынбауы халықтар арасында әлеуметтік теңсіздік болғандығын байқатты (Байпақов, Смағұлов, Ержигитова, 2005: 12-13).



5-сурет – Бердібек сарайының оңтүстік батысынан анықталған әулеттік кесене (Пәрменкүл, Сералиев, Сиздиқов, Алмазұлы, 2020: 291)

Бір назар аударатын жайт осы кезге дейін Отырар өңірінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында өлгендерді өртеп жерлеу дәстүрі (кремация) анықталмаған еді. Дегенмен, біздер 2020 жылы Тостаған қорымында жүргізген қазба жұмыстары кезінде кремация жағдайындағы


жерлеу орнын анықтаған болтынбыз. Енді осы обаға тоқтала кетейік.

Тостаған қорымы №46 обада жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі

Аңдатпада да айтып өткеніміздей Тостаған қорымы Отырар ауданына қарасты Шытты

елді мекенінен оңтүстікке қарай 9 шақырым жерде, Арыс өзенінің сол жағалауындағы жазық алқапта орналасқан (1-карта). Қорымның солтүстік батысынан бұрынғы кезде «тостаған каналы» ағып өткен. Қазіргі таңда бұл каналдың орны үлкен арна болып көзге анық байқалады. Қорымды алғаш рет 2010-шы жылдары С.Ш.Ақылбек және К.М.Байпақов анықтаған болатын. Осыдан бері ешқандай археологиялық зерттеу жұмысы жүргізілмеген. Дегенмен 2020 жылы С.Ш.Ақылбектің жетекшілігінде қорымды зерттеудің сәті түсті. Қазба жұмыстарынан алдын

фиксациялау жұмыстары атқарылып қорымның картасы дайындалды. Осыдан кейін бұл нысанның 122 ден астам обадан (топырақтан үйілген) тұратындығы және олардың диаметрі 10-25 м ал, биіктігі 0,30-0,70 м екендігі белгілі болды. Жалпы қорымдағы обалар оңтүстік шығыс, солтүстік батыс бағыты бойынша жүйесіз орналасқан (2-карта). Бірақ өз ара екі топ құрайтындай көрінеді. Сондықтан біздер обаларды оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай 1-топ және 2-топ деп екіге бөлдік. Қазба жүргізілген №46 оба 2-топта орналасқан (2-сызба).




1-карта – Тостаған қорымының географиялық орны

Қазбадан алдын №46 оба солтүстік, оңтүстік бағыты бойынша сәл сопақтау болатын. Диаметрі 24 м, биіктігі 0,70 м. Оба құрылысына ешқандай тас немесе ағаш қолданылмастан тек топырақпен үйілген. Сондықтан болар бетін жұқашым қабаты көмкерген (6-сурет). Оба маңынан ешқандай ғұрыптық мәні бар шұқыр не болмаса құрылыс анықталмады. Қазба жұмыстары беткі шым қабатын тазалаудан бастау алды.

0,45 м-ге дейінгі тереңдікте ешқандай табылым тіркелмеді. Қазба тереңдігі 0,70 м жеткенде обаның оңтүстік батыс етегіндегі үйінді астында жатқан бұрынғы жер бетінен күл қалдықтары байқала бастады (7 – сурет). Осыдан кейін оба үйіндісі толық алынып тасталып алаңқай беті қыру әдісі арқылы тазаланды. Нәтижесінде ешқандай қабір дағы айқындалмады. Дегенмен обаның дәл ортасындағы бұрынғы жер бетінде

отқа өртеніп күйген адамның бас сүйегі ғана анықталды (8-сурет), және де жанына ешқандай о дүниелік тарту таралғы салынбағандығы белгілі болды. Осы деректер обаға өлген адамды өртеп жерлегендігін дәлелдеп берді. Осы орайда мына бір жайтты айта кету қажет. Оба үйіндісі астында жатқан бұрынғы жер бетінде оттың әсері байқалмайды (яғни қызармаған).

Осыған қарап Тостаған қорымын қалыптастырған тұрғындардың өлген адамды оба сыртындағы белгілі бір жерге өртегендігін және тек күлімен бас сүйегін ғана жерлегендігін айтуға болады. Бұл әрине тек №46 обадан алынған деректер негізінде айтылып отырған пікір. Алдағы уақытта жүргізілетін қазбалар бұл пікірімізді толықтыра түсері сөзсіз.



2-сызба – Тостаған қорымындағы обалардың жобасы



Тостаған қорымының географиялық орны

2- карта – Тостаған қорымындағы обалар тобының әуеден көрінісі

Отырыр өңірінде кремациялау дерегі тіркелген алғашқы жер қазірге Тостаған қорымы болып отыр. Дегенмен бұл дәстүр жалпы Сырдарияның ортаңғы ағысы үшін тансық емес. Мысалға Е.А. Агеева, Г.И. Пацевич басшылығында Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1947-1951 жылдар аралығында Қазақстанның оңтүстік өңірінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп өлгендерді өртеу ғұрпына байланысты бірнеше деректер алды. Атап айтар болсақ Шардарадан 4

шақырым оңтүстік батыста орналасқан Мыңтөбе қорымындағы №28 және №29 обалардың астынан күл қабаты мен күл дақтарын анықтаған болатын. Археологтар бұл жерде өртеу ғұрпының жасалғандығын атап өткен. Сонымен қатар, түрік қағаны Турксанфтың әкесі Силзивуның кремациялау арқылы жерленгендігі жөнінде дерек келтіріп аталмыш обаларды түркі халықтарымен байланыстыруға тырысқан (Агеева, Пацевич, 1958: 41).



6-сурет – №46 обаның қазбадан алдыңғы көрінісі



7-сурет – Оба астынан анықталған күл қалдықтары



8-сурет – Обаның ортасынан анықталған бас сүйек қалдықтары

Е.А. Агеева мен Г.И. Пацевич Шардарадағы Ұзын – Ата қалажұртының 8 шақырым оңтүстігінде орналасқан қорымда бір обаны (№30) қазған болатын. Оба үйіндісінің астынан 1,9 м тереңдікте ұсақ көмір қалдықтарымен күл қабатын анықтаған. Күлдің арасынан сүйек қалдықтары немесе материалдық заттар табылмаған. Сондықтан да археологтар обаға байланысты ешқандай пікір білдірмеген (Агеева, Пацевич, 1958: 41-42). Дегенмен бұл жердегі ұсақ көмір және күл қалдықтары обада кремация болды ма деген ойға жетелейді.

Қазақстанның басқа өңірлерінде түрлі кезендерде өмір сүрген тайпалардың кейбірі өлген туыстарын кремациялап о дүниеге аттандырған. Мысалға, Қазақстанның батысында өмір сүрген савромат – сармат тайпалары да бұл жерлеу дәстүрін ішінара болса да жүзеге асырған. К.Ф.Смирнов, Орал тауының шығысында және оңтүстігінде жиналған мәліметтерге қарай отырып савромат-сармат тайпаларының мәйіттерді қалай кремациялағандығы жайында мағлұмат келтірген. Бұл мағлұматтардан әсіресе ерте кезеңде (б.з.б. VI-IV ғасырлар) мәйіттерді қабір ішінде және қабірдің сыртында өртегендігін, сонымен қатар бұл рәсімнің шоқтың үстіне жатқызу немесе шоққа көму арқылы да атқарылғандығын аңғаруға болады (Смирнов, 1964: 97).

Бұл жерде назар аударарлық жайттардың бірі мәйіттердің не себепті өртенгендігінде болып отыр. Бұл мәселе әліде толықтай шешімін таппаған. Дегенмен ғалымдар тарапынан «өртеу арқылы өлген кісі дүниеге қайта келеді, өлген кісімен бірге жамандықтар жойылады, орын үнемделеді немесе жан мен тән тазарады» деген пікірлер айтылған (Екмен, 2012: 24).

Сармат тайпаларына тиесілі кремация жағдайындағы жерлеуге Ақтөбе облысы Ақжар қорымындағы №2-ші обамен қатар (Сорокин, 1958: 78) Орал облысындағы Лебедевка 5 қорымы №7 және №29-шы обалар мысал бола алады (Железчиков, Кригер, 1977: 62-64). Ақжар №2-ші обада әр түрлі тереңдікте үш қаңқа табылған. Жоғарғы деңгейдегі қаңқаның үстіне от жағылғандығы, ал осы қаңқадан 30 см төменде жатқан екі қаңқаның ешқандай өртенбестен жерленгендігі анықталған. От шалған қаңқа өте нашар сақталғанына қарамастан басының оңтүстік батысқа қаратылып шалқасының жатқазылғандығы белгілі болған. К.Ф.Смирнов бұл қабірді ерте темір дәуіріне жатқызған (Смирнов, 1964: 98).

Лебедевка 5 қорымы №7-ші обада мәйітті шоққа көму жағдайы анықталған. Ашып ай-

тар болсақ, қабірге бір ер кісі оңтүстік-батысқа бағыттталып шалқасынан жатқызылған. Осыдан кейін үстіне ыстық шоқ салынған. Қабір топырағы арасынан сармат тайпаларына дағдылы болып табылатын әк, каури және үш қанатты қола жебе ұштары табылса, қаңқаның сол жақ қапталынан басы жоқ қой қаңқасы алынған. Табылған заттар мен жерлеу дәстүрі ерекшеліктеріне қарап археологтар бұл қабірді б.з.б. VI – V ғасырларға жатқызған (Железчиков, Кригер, 1977: 62-64).

Сонымен қатар, №29-шы обадағы 1-ші қабірде басы оңтүстік-шығысқа бағыттталып шалқасынан жатқызылған шала өртенген адам қаңқасы анықталған. Өрттің салдарынан қызғыш түске айналған қабір топырағы арасынан көмір фрагменттері табылған. Келтірілген мағлұматтарға қарап, мәйіттің қабір ішінде өртенгендігін болжауға болады. Қабірде сабының басы жарты ай тәрізді қанжар, темір пышақ, үш қанатты темір жебе ұшы, қайрақ, темір айылбас (тоға) және жұмыртқа пішінді саз ыдыс табылған. Б.Ф.Железчиков бұл қабірді б.з.б. IV – III ғасырларға мерзімдеген (Железчиков, Клепиков, Сергацков, 2006: 18).

Қазақстанда өртеп жерлеу ғұрпы анықталған ескерткіштер қатарына Арал маңындағы Оңтүстік Түгіскен, Ұйғарақ, Шірікқабат 2, Чағырлы 2, Баланды 2 жатады. Бұл жердегі жерлеулер б.з.б. III ғасырға мерзімделген (Болелов, 1994: 98-104).

Өртеп жерлеу дерегі Орта Азиядағы басқа да елдерде тіркелген. Мысалға Тәжікстанның оңтүстігінде орналасқан Бишкент даласындағы Тулхар, Хан Газа және Коккумус нысандарында жалпы төрт жерлеу орны анықталған. Барлық жерлеулерде мәйіттер толықтай өртелген. Хан Газада кальцийленген сүйек қалдықтары сопақша келген шұқырға салынып үсті таспен жабылған. Бұл жерден ешқандай табылым тіркелмеген. Ал, Тулхар қорымындағы жерлеуден сабының басы мен балдағы жоқ темір қанжар және бір қола монета табылған. Бұл жердегі жерлеулер IV – V ғасырлармен мерзімделіп Сасани-Кушандарға жатқызылған. Сұрхандария облысы Шерабад қаласының солтүстігінде орналасқан Лоилган қорымында ешқандай қабір шұқыры мен күл қалдықтарының қоршаулар анықталған. Дегенмен бұл жерден темір жебе ұшы және бірнеше саз ыдыс бөліктері алынған. Лоилган қоршауларын кремациямен байланыстыру қисынсыз сияқты көрінгенмен кейбір археологтар бұл жердегі қоршауларды өртеп жерлеу ғұрпымен байланыстырып түркі кезеңімен мерзімдеген. Хорезм аймағындағы Тарымкая 1, Тузғыр және т.б. көптеген қорымдарда кремация дәстүрі

анықталған. Бұлар б.з.б. VI – IV ғасырлармен мерзімделген. Сонымен қатар Үстірттегі бірнеше қорымда және Өзбекстандағы Шаштепе қорымындағы тастан салынған сағаналарда өртеп жерлеу дерегі тіркелген (Болелов, 1994: 98-104).

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мағлұматтарға қарағанда кеңес өкіметі мен тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген обалардың қазылғандығы және қайтыс болғандардың ингумация жағдайында «жалғыз адамдық сағана қабір», «пахсаға ойылған қабір», жанама қабір және «хум қабірге» жерленгендігі байқалады. Бір назар аударатын жайт осы кезге дейін Отырар өңірінде кремацияланған жағдайдағы жерлеу орны анықталмаған болатын. Дегенмен 2020 жылы Тостаған қорымы №46 обада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде соңғы аталған жерлеу ғұрпы айқындалды. Жалпы адам баласының санасында өлім, жерлеу және о дүние деген түсініктер кейінгі палеолит дәуірінде қалыптасты. Ирақтағы Шанидар және Өзбекстандағы Тешик-Таш үңгірінен табылған неандерталь жерлеулері осының айғағы. Осы кезде «аруаққа табыну» немесе басқаша айтқанда ата-баба культі де қалыптасқан болуы мүмкін. Өйткені, бұл дүниетаным жерлеу дәстүрімен қатар жүретін егіз ұғым сияқты. Жалпы неандертальдерден бастап адамдар өлген кісіні жер қойнауына салып о дүниеге аттандырған.

Адам баласы өз санасында «өлу, қайтыс болу түсінігін» қалыптастыра салысымен өмірден озғандарды топыраққа көмген. Археология

ғылымында мұны ингумация деп атайды. Уақыт өте келе жаңадан пайда болған діни наным – сенімдер негізінде кремация, яғни қайтыс болғандарды өртеу тәжірибесі қалыптасқан. Бұл жерлеу әдісі белгілі бір кезеңдерде, белгілі бір аймақта тұратын түрлі халықтардың немесе әртүрлі наным-сенімге ие тұтастай бір халықтың діни жоралғылары мен наным сенімін бейнелейді.

Ең ежелгі кремациялау 26 000 жыл бұрын Австралиядағы Мунго көлінде жүзеге асырылған (Ungi, 2014). Азия территориясындағы ең ертелері Үндістандағы Мохенджо-Даро және Хараппа мәдениеттерінде (б.з.б. 3000 – 1500 жж.) анықталған. Қазақстандағы алғашқы кремациялау жағдайы Нұра мәдениетіне (б.з.б. 2 мыңжылдық) тиесілі. Дегенмен Қазақстандық ғалымдар неолит дәуіріне (б.з.б. 6 мың жыл) мерзімделетін Виноградовка 14 және Телман 10 қоныстарының жанындағы шұңқырларда анықталған көмір қалдықтарын кремациямен байланыстырғысы келген (Қозыбаев, 1996: 93). Егер бұл көмірлер кремациямен байланысты болса онда Қазақстан археологиясы үшін кремация дәстүрінің б.з.б. 5 мыңжылдықта бастау алатындығынайтуға болады. Сонымен қатар тарихи деректерде Көк түріктер қайтыс болғандарды өртеп жерлеген деген мағлұмат кездеседі (Kocasavaş, 2002: 68). Түрік қағанатының батыс аймақтарға да ықпал еткендігін ескерсек онда VI – VII ғасырларда Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген халықтардың рухани өмірінде өртеп жерлеу ғұрпының болғандығын айта аламыз. Сондықтан да, Тостаған қорымындағы №46 обаны алдын ала және шартты түрде түркілерге тиесілі деп қорытындылауға болады.

Әдебиеттер

- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. (1958). Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды института истории, археологии и этнографии. Том V. Алматы: Издательство Академии Наук Казахской ССР. С.125-215.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. (1987). Отрар в XIII-XV веках. Алматы: Издательство Наука. 253 с.
- Артыкбаев Ж., Пірманов Ә. (2008). Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық басылым. Алматы: «Атамұр». 554 б.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А. (1990). Новые данные по археологии Отрарского оазиса / Известия АН КазССР, серия общ-ых наук Т 6. С.20 – 27.
- Байпаков К.М., Алдабергенов Н.О. (2005). Отырар Алқабы. Археология, өнер және көркем колөнер ескерткіштері. Алматы: «Баур» баспасы. 256 б.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. (2005). Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырдағы зираттық ескерткіштері. Алматы: «Баур» баспасы. 224 б.
- Байпаков К.М. (2007). Ежелгі және орта ғасырдағы Отырар. Алматы: Қазығұрт. 248 б.
- Байпаков К.М., Авизова А.Қ., Ақылбек С.Ш. (2017). Отырар алқабындағы Пышақшөтөбе және Бесіншітөбе калажұрттарындағы археологиялық зерттеулер. Алматы: 2017. 160 б.
- Болелов С.Б. (1994). Погребения по обряду кремации на территории Средней Азии / Российская Археология 4. Москва: Российская Академия Наук. С.98-107.

- Ержигитова А.А. (2011). Могильник Борижары / Маргулановские чтения. Материалы международной археологической конференции 20 – 22 апреля. Астана: С.251-256.
- Ekmen H. (2012). Yeni Veriler Işığında Başlangıcından MÖ 2. Binin sonuna kadar Anadolu'da yakarak gömme (kremasyon) geleneği / Hitit Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi 5(1). S. 23 – 49.
- Железчиков Б.Ф., Кригер В.А. (1977). Отчет археологические работы в Уральской области в 1977 г. / Э.Х. Марғұлан атындағы археология институтының архив материалдары. Дело №1602.
- Железчиков Б.Ф., Клепиков В.М., Сергацков И.В. (2006). Древности Лебедевки (VI–II вв. до н.э.). – Москва: Восточная литература, 2006. 159 с.
- Иванов В.А., Кригер В.А. (1988). Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII – XIV вв.). Москва: Изд-во Наука. 91 с.
- Kocasavaş Y. (2002). Eski Türklerde Yas ve Ölü Gömme Adetleri / S. Koca vd. (Editör). Türkler. Cilt 3. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları. S.67 – 75.
- Қозыбаев М.Қ. (бас ред.) (1996). Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін I-том. Алматы: Атамұра баспасы. 544 с.
- Нурмуханбетов Б.Н. (1974). Раннемусульманское Кладбище близ Городища Куйрыктобе / Ред. К. А. Акишев. В глубь веков (Археологический сборник). Алматы: Издательство Наука Казахской ССР. С.85 – 94.
- Нурмуханбетов Б.Н. (1977). Могильник Кыркескен / Археологические Открытия 1976. – Москва: Издательство Наука. 608 с.
- Нурмуханбетов Б.Н. (1978). Могильник Мардан / Краткие Сообщения. Ранние Кочевники 154. Москва: С.99 – 103.
- Нурмуханбетов Б. (2011). Некрополь городища Кок-Мардан / Қазақстан археологиясының мәселелері 3-ші шығарылым. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Б.42 – 73.
- Подушкин А.Н. (2000). Арыская культура Южного Казахстана IV в.до.н.э – VI в.н.э. Туркестан: Изд-во МКТУ им Х.А.Ясави. 200 с.
- Пәрменқұл С.Т., Сералиев А.А., Сиздиқов Б.С., Алмазұлы Ш. (2020). 2020 жылы Отырар қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері / Ясауи университетінің хабаршысы №4 (118). Түркістан: Б.283-297.
- Смирнов К.Ф. (1964). Сарматы. Ранняя история и культура сарматов. Москва: Изд-во Наука, 381 с.
- Смирнов К.Ф. (1975). Сарматы на Илеке. Москва: Изд-во Наука. 176 с.
- Сорокин В.С. (1958). Археологические Памятники Северо – Западной Часты Актюбинской области / Т.С.Пассек (Редактор). Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры 71. С.78-85.
- Саипов А., Акылбек С.Ш., Авизова А.К., Майсупова А.С. (2019). Археологическое изучение некрополей Отрарского оазиса / Известия Самарского Научного Центра Российской Академии Наук. Том 21, №68. Известий СамНЦ РАН. С.77 – 83.
- Uhri A. (2014). Anadolu'da Ölümün Tarih Öncesi. İstanbul: Ege Yayınları. 228 s.
- Хазанов А.М. (1964). Религиозно – магическое понимание зеркал у сарматов / Советская этнография №3 Май-Июнь. Москва: Изд-во Наука. С.89-96.

References

- Ageeva E.Ī., Pasevich G.Ī. (1958). İz istorii osedlyh poselenii i gorodov yuzhnogo Kazahstana / Trudy instituta istorii, arheologii i etnografii. Tom V [Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography]. Almaty: İzdatelstvo Akademii Nauk Kazahskoi SSR. S.125-215.
- Akisher K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. (1987). Otrar v XIII-XV vekah [Otrar in the XIII-XV centuries]. Almaty: İzdatelstvo Nauka. 253 с.
- Artyqbaev Zh., Pirmanov A. (2008). Qazaqstan tarihy. Ensiklopedialyq basylym [History of Kazakhstan. Encyclopedic edition]. Almaty: «Atamura». 554 b.
- Baipakov K.M., Smagulov E.A. (1990). Novye dannye po arheologii Otrarskogo oazisa / İzvestia AN KazSSR, seria obshest-kh nauk T 6 [Izvestiya AN KazSSR, series of general sciences]. S.20 – 27.
- Baipakov K.M., Aldabergenov N.O. (2005). Otyrar Alqaby. Arheologia, oner zhane korkem qoloner eskertkishteri [Otrar Valley. Monuments of archeology, Arts and crafts]. Almaty: «Baur» baspasy. 256 b.
- Baipakov K.M., Smagulov E.A., Erzhitova A.A. (2005). Ontustik Qazaqstannyn erte ortağasyrdağy zirattyq eskertkishteri [Cemetery monuments of the early middle ages of Southern Kazakhstan]. Almaty: «Baur» baspasy. 224 b.
- Baipakov K.M. (2007). Ezhelgi zhane orta ġasyrdağy Otyrar [Otrar of antiquity and the Middle Ages]. Almaty: Qazyğurt. 248 b.
- Baipakov K.M., Avizova A.Q., Aqylbek S.Sh. (2017). Otyrar alqabyndağy Pyshaqshytobe zhane Besinshytobe qalazhurtaryndağy arheologialyq zertteuler [Archaeological research in the settlements of Pyshakshytobe and Besynshytobe in the Otrar Valley]. Almaty: 2017. 160 b.
- Bolelov S.B. (1994). Pogrebenia po obriadu kremasii na territorii Srednei Azii / Rossiiskaia Arheologia 4 [Russian Archaeology]. Moskva: Rossiiskaia Akademia Nauk. S.98-107.
- Erzhigitova A.A. (2011). Mogilnik Borizhary / Margulanovskie chtenia. Materialy mezhdunarodnoi arheologicheskoi konferensii 20 – 22 aprelia [Margulan readings. Proceedings of the International Archaeological Conference 20- 22 april]. Astana: S.251-256.
- Ekmen H. (2012). Yeni Veriler Işığında Başlangıcından MÖ 2. Binin sonuna kadar Anadolu'da yakarak gömme (kremasyon) geleneği / Hitit Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi 5(1) [Journal Of The Institute Of Social Sciences Of Hittite University]. S. 23 – 49.
- Zhelezchikov B.F., Kriger V.A. (1977). Otchet arheologicheskije raboty v Uralskoi oblasti v 1977 g / A.H. Marğulan atyndağy arheologia institutynyn arhiv materialdary [Archival materials of the A. H. Margulan Institute of Archaeology]. Delo №1602.

- Zhelezchikov B.F., Klepikov V.M., Sergaskov I.V. (2006). Drevnosti Lebedevki (VI–II vv. do n.e.) [Antiquities of Lebedevka VI–II vv. do n.e.]. Moskva: Vostochnaia literatura, 2006. 159 s.
- İvanov V.A., Kriger V.A. (1988). Kurgany kypchakskogo vremeni na Yuzhnom Urale (XII – XIV vv.) [Burial mounds of the Kipchak period in the Southern Urals (XII-XIV centuries)]. Moskva: İzd-vo Nauka. 91 s.
- Kocasavaş Y. (2002). Eski Türklerde Yas ve Ölü Gömme Adetleri / S. Koca vd. (Editör). Türkler. Cilt 3 [Turks Volume 3]. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları. S.67 – 75.
- Qozybaev M.Q. (bas red.) (1996). Qazaqstan tarihy kone zamannan buginge deiin I-tom. Almaty: Atamūra baspasy. 544 s.
- Nurmuhanbetov B.N. (1974). Rannemusulmanskoe Kladbishe bliz Gorodisha Kuiryktobe / Red. K. A. Akişev. V glub vekov (Arheologicheskii sbornik) [Into the Depths of the Ages (Archaeological Collection)]. Almaty: İzdatelstvo Nauka Kazahskoi SSR. S.85 – 94.
- Nurmuhanbetov B.N. (1977). Mogilnik Kyrkesken / Arheologicheskie Otkrytia 1976 [Archaeological Discoveries 1976]. Moskva: İzdatelstvo Nauka. 608 s.
- Nurmuhanbetov B.N. (1978). Mogilnik Mardan / Kratkie Soobenia. Rannie Kochevniki 154 [Brief Messages. Early Nomads]. Moskva: S.99 – 103.
- Nurmuhanbetov B. (2011). Nekropol gorodisha Kok-Mardan / Qazaqstan arheologiasynyn maseleleri 3-shi shyğarylym. Ğylymi maqalalar zhinağy [Problems of Archaeology of Kazakhstan 3rd edition. Collection of scientific articles]. Almaty: B.42 – 73.
- Podushkin A.N. (2000). Aryskaia kultura Yuzhnogo Kazahstana IV v.do.n.e – VI v.n.e. [Arys culture of Southern Kazakhstan IV century BC-VI century AD.] Turkestan: İzd-vo MKTU im H.A.Yasavi. 200 s.
- Parmenqul S.T., Seraliev A.A., Sizdikov B.S., Almazuly Sh. (2020). 2020 zhyly Otyrar qalazhurtynda zhurgizilgen arheologialyq qazba zhumystarynyn natizheleri / Ysaii universitetinin habarshysy №4 (118) [Bulletin of yasawi University]. Türkistan: B.283-297.
- Smirnov K.F. (1964). Savromaty. Ranniaia istoria i kultura sarmatov [Sauromats. Early history and culture of the Sarmatians]. Moskva: İzd-vo Nauka, 381 s.
- Smirnov K.F. (1975). Sarmaty na İleke [Sarmatians on İlek]. Moskva: İzd-vo Nauka. 176 s.
- Sorokin V.S. (1958). Arheologicheskie Pamiatniki Severo – Zapadnoi Chasty Aktbinskoi oblasti / T.S.Passek (Redaktor). Kratkie soobshenia o dokladah i poleviih issledovaniiahk İnituta istorii materialnoi kulture 71 [Brief reports on the reports and field studies of the Institute for the History of Material Culture]. S.78-85.
- Saipov A., Akyzbek S.Sh., Avizova A.K., Maisupova A.S. (2019). Arheologicheskoe izuchenie nekropolei Otrarskogo oazisa / İzvestia Samarskogo Nauchnogo Sentra Rosiiskoi Akademii Nauk. Tom 21, №68 [Proceedings of the Samara Scientific Center of the Russian Academy of Sciences]. İzvestii SamNS RAN. S.77 – 83.
- Uhri A. (2014). Anadolu'da Ölümün Tarih Öncesi [Prehistory Of Death In Anatolia]. İstanbul: Ege Yayınları. 228 s.
- Hazanov A.M. (1964). Religiozno – magicheskoe ponimanie zerkal u sarmatov / Sovetskaia etnografia №3 Mai-İyun [Soviet Ethnography]. Moskva: İzd-vo Nauka. C.89-96.